



### Электрондық тендерлік құжаттама

1096869 DLP жүйесін енгізу және сүйемелдеу бойынша жұмыстар сатып алу бойынша

«Ашық төмендеу тендері» тәсілімен

Тапсырыс беруші "КАЗАХТУРКМУНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік

Ұйымдастырушы "КАЗАХТУРКМУНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік

Мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН Ақтөбе облысы к. проспект Санкибай батыра ү. 173/1, 402

Телефон +7 (713) 297-6845

Электрондық пошта [kuanysh.kakambetov@ktm.kmg.kz](mailto:kuanysh.kakambetov@ktm.kmg.kz)

Банк деректемелері: "КАЗАХТУРКМУНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік, БСН 980240003816, ЖСК KZ156017111000003886, Кбе 17, валюта KZT, АО "Народный Банк Казахстана", БСК HSBKKZKX

«Ашық төмендеу тендері» тәсілімен осы электрондық сатып алу <http://zakup.sk.kz>. веб-порталында электрондық сатып алушың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Жариялануы тиісті ақпарат орналастырылған веб-сайттың электронды мекенжайы <https://zakup.sk.kz>.

Сатып аlyнатын ТЖҚ тізімі:

Лот №	Сатып аlyнатын ТЖҚ атавы	Жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары	Саны, колемі	ҚҚС қоспағандагы сома	Жеткізу орны	Жеткізу мерзімі	Отінішті қамсыздандырудың сомасы
№ 1 (31 Р, 4003759)	Ақпараттық технологиялар саласында «толық аяқталған» кешендік жұмыстар	Жабдықтау (кажеттілігі бойынша) мен ақпараттық жүйені енгізуге байланысты консалтингтік қызметтер мен бағдарламалық камтаманы жеткізуіді камтитын, "кілт бойынша" ақпараттық технологиялар аясындағы жұмыстар кешені	1.000	12 500 000	ҚАЗАҚСТАН Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Ақтөбе қ. КАЗАХСТАН, Актюбинская область, Актобе Г.А., г.Актобе, пр. Санкибай-батыра 173/1	Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 90 күнтізбелік күндер	125 000

Тендерлік өтініштің қолданылу мерзімінде 90 күнтізбелік күнді қурауы керек. Тендерге катысу өтінішін қамсыздандырудың қолданылу мерзімінің өтуі тендерлік өтінішті ұсынудың соңғы мерзімі

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифров қолтана туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылты 7 қантардагы N 370-II Заны 7 бабының 1 тармагына сәйкес кагаз тасығыштагы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписью» равнозначен документу на бумажном носителе





күнінен бастап есептеледі.

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Тендерлік құжаттама «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (катысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі - Тәртіп) сәйкес әзірленді.

Осы тендерлік құжаттамада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**Жүйе** - «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ электрондық сатып алушың акпараттық жүйесі ([zakup.sk.kz](https://zakup.sk.kz));

**Электрондық құжат** - электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған акпарат және Жүйеде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

**Электрондық көшірме** - түпнұсқа құжаттың (нотариаттық куәландырылған көшірме) мазмұнын электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін, Жүйеде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжат;

**ӘПҚ** - электрондық-цифрлық қолтаңба, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терілі;

**Тапсырыс беруші** - Кор немесе Қордың үйимы;

**Сатып алушы үйимдастыруышы** - тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы немесе құрылымдық бөлімшесі не сатып алушы үйимдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты болып белгіленген заңды тұлға;

**Әлеуетті өнім беруші** - сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер консорциум, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе);

**Қордың бірінші деңгейдегі еншілес үйимы (ПК)** - дауыс беретін акцияларының (катысу үлестерінің) елу және одан артық пайызын меншік немесе сенімгерлік басқару құқығы негізінде Қор тікелей иеленетін Қордың бірінші деңгейдегі еншілес үйимы;

1.2 Тендер құжаттаманы <https://zakup.sk.kz> веб-порталында электрондық сатып алушың акпараттық жүйесі арқылы алуға болады.

## 2. Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру және кездесу өткізу шарттары

2.1. Әлеуетті жеткізуі өтініштерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жүйеде сұраныс беру арқылы жүргінуге құқылы.

2.2. Тапсырыс беруші/үйимдастыруышы сұраныс келіп түскен күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оған жүйеде жауап беруге міндетті.

Лот № 1 (31 Р, 4003759)

## 3. Сатып алынатын ТЖҚ сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

3.1. Сатып алынатын ТЖҚ сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану сипаттамалары техникалық сипаттамада көрсетілген.

### Әлеуетті жеткізуінің қойылатын талаптар:

#### 3.2. Әлеуетті өнім берушіде соңғы 5 (бес) жыл ішінде жұмыс тәжірибесінің болуын көздейтін біліктілік талаптары:

3.2.1. Әлеуетті жеткізуінің жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар қарастырылмаған.

#### 3.3. Әлеуетті өнім берушілерде сатып алу нысанасына сәйкес келетін салада біліктілігі және/немесе жұмыс тәжірибесі бар мамандардың болуы туралы талаптар

3.3. Әлеуетті өнім берушілерде сатып алушың мәніне сәйкес келетін салада біліктілігі және/немесе жұмыс тәжірибесі бар мамандардың болуы туралы талаптар көзделмеген.





### 3.4. Рұқсат (лицензия) беру туралы талаптар

3.4.1 Талаптар қарастырылмаған.

### 3.5. Растваушы құжаттарды ұсына отырып, әлеуетті өнім берушіде жабдықтың, техниканың (техникалық құрылғылардың), ғимараттардың (құрылыштардың), үй-жайлардың болуы туралы талаптар

3.5.1 Талаптар қарастырылмаған.

### 3.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған құрылымы нысандаудың жауапкершілік деңгейі туралы ақпарат

3.6.1 Ақпарат берілмейді.

### 3.7. Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларга) беруі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті қолемдері

3.7.1. Әлеуетті жеткізушінің жұмыстардың жалпы қолемінің 25.00 % аспайтын жиынтығында жұмыстарды орындау үшін субмердігерлерге (бірлесіп орындаушыларга) тапсыруына рұқсат етіледі.

### 3.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де талаптар

3.8.1 Талаптар қарастырылмаған.

### 3.9. Сатып алу санаттық стратегиясында айқындалған әлеуетті өнім берушілердің біліктілігіне қойылатын талаптар

3.9.1. Талаптар қарастырылмаған.

### 3.10. Әлеуетті өнім берушінің бенефициарлық иелері туралы ақпаратты ашу туралы талап

3.10.1 Әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім берушінің бенефициарлық иелері туралы ақпаратты ашуға немесе сатып алу веб-порталында айқындалған нысан бойынша осы мәліметтерді ашудан бас тарту себептері туралы ақпаратты электрондық түрде беруге тиіс.

### 3.11. Жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлердің (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылардың) тізбесі, қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындауга) берілетін жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің қолемі мен түрлері

3.11.1. Егер әлеуетті өнім беруші жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тарткан жағдайда ұсынылады. Қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауга) берілетін жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің қолемі тендерлік құжаттамада айқындалған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті қолемінен аспауы тиіс.

### 3.12. Әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының және әлеуетті өнім берушінің уәкілетті тұлғасының жақын туыстары, жұбайы, жекжаттары туралы ақпарат беру туралы талап.

3.12.1 Әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының және тендерлік өтінімге қол койған әлеуетті өнім берушінің уәкілетті тұлғасының-сатып алу веб-порталында айқындалған нысан бойынша кәсіпкерлік қызметті электрондық түрде жүзеге асыратын жеке тұлғаның жақын туыстары, жұбайы, жекжаттары туралы ақпарат беруге тиіс.

### 3.13. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын өзге де талаптар

3.13.1. Серіктестің Қазақстан Республикасының аумағында ұсынылатын жүйені сатуға, енгізуға және техникалық сүйемелдеуге мәртебесі мен құқығын растайтын, лоттың/тендер хабарландыруының





нөмірін көрсете отырып, жүйені өндіруші компаниядан авторизациялық хат (электрондық көшірме) ұсыну.

#### 4. Тендерге қатысуға отініштер беру

- 4.1 Ашық тендерге қатысу өтініші (бұдан әрі – өтініш) әлеуетті жеткізушінің пайдаланушысы жүйеде дайындауды және оның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылады.
- 4.2 Әлеуетті жеткізушінің электрондық сатып алуға қатысуға берген өтініш жүйеде жарияланған сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген соңғы күн мен уақытқа дейінгі мерзімде жүйеде автоматты түрде тіркеледі.
- 4.3 Электрондық сатып алуға қатысуға өтінішті қабылдауды немесе қабылдаудан бас тартуды растау ретінде электрондық сатып алуға қатысуға өтініш берген әлеуетті жеткізуігے жүйе автоматты түрде хабар береді.
- 4.4 Әлеуетті жеткізуші оның Ашық тәмендеу тендері тәсілімен сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығындарын өзі төлейді. Тапсырыс беруші/сатып алушы ұйымдастыруыш (тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы, сарапшы) Ашық тәмендеу тендері тәсілімен сатып алу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелер алмайды.

#### 5. Тендерге қатысуға отініштерінің мазмұны

5.1. Сатып алуға қатысуға өтініште келесілер қамтылады:

- 1) электрондық құжат нысанында сатып алуға қатысуға әлеуетті жеткізуі толтырған және қолтаңбасын қойған өтініш;
- 2) Тендерлік өтінімдерді ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген әлеуетті өнім берушіні, әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысы мен құрылтайшыларын (қатысушылары) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді қамтитын құжат (құжаттар).

Электрондық құжат немесе электрондық көшірме нысанында ұсынылады.

Консорциум қатысқан жағдайда консорциумға кіретін әрбір заңды тұлға бойынша көрсетілген мәліметтерді қамтитын құжаттар, уәкілетті тұлға консорциалдық келісімге қол қою құқығына арналған сенімхат (консорциум туралы келісімге бірінші басшы емес қол қойған жағдайда), сондай-ақ консорциум туралы келісім ұсынылады.

Заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін осы тармақта көрсетілген құжат ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді қамтитын құжат ұсынылады.

Акционерлік қоғамдар үшін әлеуетті өнім берушінің құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтерді қамтитын құжат ретінде акцияларды ұстаушылар тізілімінен ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде берілген үзінді көшірме де берілуі мүмкін.

Осы тармақта көзделген құжатты (құжаттарды) беру мерзіміне қойылатын талап Қазақстан Республикасының резиденті емес- әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

3) Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігімен келісім түрінде берілген техникалық ерекшелік.

Техникалық ерекшелікке балама шарттар болған жағдайда, әлеуетті өнім беруші келісіммен тен дәрежеде баламалы шарттарды қамтитын техникалық ерекшелікті ұсынады.

4) Электрондық құжат немесе электрондық көшірме нысанында жұмыстарды орындау бойынша субмердігерлердің (қызметтерді қөрсету кезінде бірлесіп орындаушылардың) тізімі, тендерлік құжаттамасында анықталған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті қөлемінен аспауга тиіс субмердігерлерге (бірлесіп орындауға) берілетін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қөлемі және түрлері;

5) Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттар (лицензиялар) немесе қосалқы мердігер орындаityн жұмыстарға (бірлесіп орындаушы қөрсететін қызметтерге) рұқсаттың (лицензиялаудың) электрондық жүйесін пайдаланатын рұқсат (лицензия) берген мемлекеттік органның реңи интернет қөзіне (веб-сайтына) сілтемен қамтитын әлеуетті өнім берушінің электрондық құжаты немесе электрондық көшірме форматындағы өтініші.


Әлеуетті өнім беруші міндетті рұқсат алуға (лицензиялауға) жататын қызмет болжанатын тендерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда ұсынылады.

Электрондық көшірме нысанында ұсынылады (әлеуетті өнім берушінің өтініші электрондық құжат нысанында да ұсынылуы мүмкін).;

6) Әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша түріндегі тендерлік өтінімді немесе электрондық құжат нысанындағы электрондық банк кепілдігін қамтамасыз ету. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету сомасы тендерлік құжаттамада белгіленген мөлшерден төмен болмауы тиіс. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету тендерлік құжаттамада баяндалған енгізу шарттарына, мазмұнына және түріне сәйкес келуге тиис;

8) Әлеуетті жеткізуі қол қойған электрондық құжат нысанындағы баға ұсынысы;

Екі кезеңдік тендер тәсілімен сатып алушы өткізу кезінде баға ұсынысы сатып алушы өткізуіндегі екінші кезеңінде ұсынылады.





- 9) Тендер өтінішінің электрондық құжат нысанында көрсетілген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу шарттарымен, түрімен, көлемімен және тәсілімен әлеуетті жеткізуінің келісіуі туралы мәліметтер;
- 10) Әлеуетті өнім берушінің Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне әлеуетті өнім берушінің енгізу шарттарымен танысуы туралы мәліметтер;
- 11) Әлеуетті жеткізуінің жарғысына сәйкес әлеуетті жеткізуінің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқығы бар әлеуетті жеткізуінің бірінші басшысының қоспағанда, жүйеде қалыптастырылған және әлеуетті жеткізуінің мүдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) тендерге катысуга өтінімде қамтылған өтінімге және құжаттарға қол қою құқығына берілген электрондық сенімхат. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізуі осы тармақшада көзделген құжатты электрондық нысанында ұсынады.
- 13) Сатып алу веб-порталында айқындалған нысан бойынша электрондық түрдегі бенефициарлық иеленушілер туралы акпарат.
- 14) Әлеуетті өнім берушінің - тауар өндірушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға кол қойған ЭЦҚ өтініш (декларация). Өтініште (декларацияда) өнім беруші шартты орындау шенберінде өндірісін ұйымдастырып, жүзеге асыруға және жеткізуға міндеттенген Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келетін тауардың атауы мен сипаттамасы қамтылуға тиіс. Егер әлеуетті өнім беруші сатып алынатын тауар бойынша ҚТӨ тізілімінде тұрмаса, тауар өндірушілері арасында біртекті тауарларды сатып алуға қатысқан кезде тауар өндіруші ұсынады.
- 15) Тендерлік өтінімге қол қойған әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының және әлеуетті өнім берушінің уәкілетті тұлғасының-сатып алу веб-порталында айқындалған нысан бойынша кәсіпкерлік қызметті электрондық түрде жүзеге асыратын жеке тұлғаның жақын туыстары, жұбайы, жекжаттары туралы акпарат.
- 16) атаптандырылған тендер құжаттамасының 3.13 бөліміндегі белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;
- 5.2. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізуі осы тармақта қарастырылған Қазақстан Республикасының резиденттері сиякты құжаттарды не ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады.
- 5.3. Осы тендерлік құжаттамасының 5.1-тармағының 2) тармақшасында көзделген құжаттар Қордың алдын ала біліктілік іріктеуінің акпараттық жүйесінен білікті әлеуетті өнім берушінің тендерге катысуга өтінімінің құрамына автоматты түрде енгізіледі.
- 5.4. Тендерлік өтінішті қалыптастыру барысында жүйемен қалыптастырылатын құжаттарды қоспағанда, осы тендерлік құжаттамасының 5.1-тармағында санамаланған құжаттардың нотариат куәландырылған көшірмелерінің электрондық көшірмелерін тапсыруға рұқсат етіледі.
- 5.5. Тендерлік өтінімді қалыптастыру кезінде әлеуетті өнім беруші сатып алу веб-порталының тиісті жолдарына (бөлімдеріне) осы тендерлік құжаттамада айқындалған акпарат пен құжаттарды енгізеді.

## 6. Тендер өтініштерін жасау және ұсыну тіліне қойылатын талаптар

Сатып алу веб-порталы автоматты түрде қалыптастырылған, қазақ және орыс тілдерінде ұсынылатын құжаттар мен мәліметтерді қоспағанда, өтінім, сондай-ақ өтінімдегі барлық құжаттар мен мәліметтер әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Өтінімде басқа тілде жасалған құжаттар болуы мүмкін, егер оларға әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аударма қоса берілсе және бұл жағдайда аударманың артықшылығы болады.


## 7. Баға ұсынысының мазмұнына және валютасына қойылатын талаптар

- 7.1 Электрондық құжат нысанындағы баға ұсынысын әлеуетті жеткізуінің пайдаланушысы жүйеде қалыптастырады және оның ЭЦҚ-мен қол кояды;
- 7.2 Әлеуетті жеткізуінің баға ұсынысында бірлік бағасы, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тасымалдауға және сактандыруға, кедендік баждарды, басқа да салықтарды, алымдарды төлеуге, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарында қарастырылған басқа да шығыстарды қоса алғанда, ҚҚС есепке алмағанда, олардың жалпы/қорытынды бағасы қамтылуға тиіс.

Тауарларды кешенді сатып алу немесе қызметтерді кешенді сатып алу немесе жұмыстарды кешенді сатып алу шартымен әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы ҚҚС-ты есепке алмағанда, әрбір лот бойынша бағаны көрсете отырып, лоттар жиынтығына біріктірілген барлық лоттарға ұсынылуға тиіс.

- 7.3 Әлеуетті жеткізуінің баға ұсынысында тендерлік құжаттамада айқындалған Тапсырыс берушінің шарттарында ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына женілдік, сондай-ақ балама шарттарды ескере отырып ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына женілдік болуы мүмкін.

Әлеуетті жеткізуі Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамада айқындалған талаптарында жалпы/қорытынды бағага женілдіктер және (немесе) балама шарттар кезінде женілдіктер ұсынған жағдайда,





баға ұсынысында көрсетілген женілдіктерді ескере отырып, жалпы/корытынды баға қамтылуы керек;  
Ұзак мерзімді сатып алуды жүзеге асыру кезінде баға ұсынысында осы тармақшада айқындалған тәртіппен жылдар бойынша бөлінген бағалар туралы акпарат қамтылуға тиіс;  
7.4 Электрондық сатып алуга катысушиның баға ұсынысы тенгемен көрсетілуі тиіс.

## 8. Тендерлік өтінішін енгізу шарттары, мазмұны және қамсыздандыру түрлері

8.1. Әлеуетті өнім беруші Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді кепілдік ретінде енгізеді:

- 1) өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алмайды немесе өзгертупейді;
- 2) ол тендер женімпазы деп айқындалған жағдайда, Тапсырыс берушімен тендер корытындыларының хаттамасында белгіленген мерзімде шарт жасасады және сатып алу талаптарында осындай қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Сатып алуга катысуға өтінімді қамтамасыз етудін енгізілген сомасының тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлемді аудару, банк кепілдігін беру немесе осы тендерлік құжаттамада айқындалған өзге де қамтамасыз ету күніне белгіленген бағамына сәйкес айқындалады.

8.2. Әлеуетті жеткізуші өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

- 1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша
- 2) Электрондык банк кепілдігі

8.3. Өтінішті қамсыздандырудың колданылу мерзімі тендерге катысуға өтінімнің колданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

Бұл ретте электрондық сатып алуга катысуға өтініті қамсыздандырудың колданылу мерзімінің өтуі тендерге катысуға өтініштер ашылған күннен басталады.

Тендерге катысуға өтінімді қамтамасыз етудің тыынмен есептелген сомасы жуықталады. Бұл жағдайда елу тыыннан аз сома нөлге дейін жуықталады, ал елу тыынға тен және одан жоғары сома бір тенгеге дейін жуықталады.

8.4. Сатып алуга катысуға өтінімді қамсыздандыруды енгізуінде растауды қамтымайтын барлық өтінімдерді тендерлік комиссия тендерлік құжаттама талаптарына жауап бермейтіндегі етіп кері қайтарады.

8.5 Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді келесілер енгізбейді:

- 1) Қор және Қордың ұйымдары;
- 2) МҰ тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдары (қасіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер - жеке тұлғалар);
- 3) білікті әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуга катысу кезінде білікті әлеуетті өнім берушілер;
- 4) сатып алынатын тауарды тауар өндірушілер арасында сатып алу кезіндеған ұсынылуы мүмкін Тәртіпке № 6 қосымшаның 18-тармағында көрсетілген сатып алынатын тауарды өндірушілер. Атаптактың 1), 2) және 4) тармакшаларының ережелері консорциумдарға қатысты қолданылмайды.

8.6. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге қайтарылады:

- 1) атаптак әлеуетті өнім беруші өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алған жағдайда;
- 2) тендер корытындыларының хаттамасына қол қойған жағдайда . Атаптак жағдай тендер женімпазына және тендер корытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге қолданылмайды;
- 3) сатып алу туралы шарт күшіне енген және тендер корытындылары бойынша тәртіптің 43-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда;
- 4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және тендер корытындылары бойынша тәртіптің 43-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда айқындалған екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз еткен жағдайда.
- 5) сатып алу туралы шарт күшіне енген (егер тендерлік құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделмеген жағдайда);
- 6) сатып алуды жүзеге асырудың күші жойылған/одан бас тартылған жағдайда.

Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет шарт жасасу рәсімін тоқтатқан жағдайда тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді қайтару рәсімі тоқтатыла түрады.

Бұл жағдайда тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді қайтару мерзімінің өтуі жоспардан тыс тексеру жүргізу уақытына тоқтатыла түрады.

Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді қайтару мерзімінің өтуі сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет шарт жасасу рәсімін қайта бастау туралы шешім қабылдаған күннен бастап жалғасады.





8.7. Элеуettі өнім беруші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде қайтарылмайды:

- 1) тендер женімпазы деп айқындалған элеуettі өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарас;
- 2) тендер женімпазы сатып алу туралы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындаамаса не уақтылы орындаамаса;
- 3) салыстыру және бағалау корытындылары бойынша тәртіптің 43-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда айқындалған екінші орын алған элеуettі өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтараса немесе сатып алу туралы шарт жасаса отырып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындаамаса не уақтылы орындаамаса.
- 4) элеуettі өнім берушінің мемлекеттік органдың, заңды не өзге де мүдделі тұлғаның үекілдегі өкілі қол қойған немесе жеке тұлға қол қойған дәйексіз ақпарат ұсынғанын растайтын құжатқа сәйкес элеуettі өнім берушінің тендерлік өтінімінде дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.

## 9. Тендерлік өтініштерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

9.1. Элеуettі жеткізуіші электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірместен:

- 1) Электрондық сатып алуға қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыру;
  - 2) Өзі енгізген сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, электрондық сатып алуға қатысуға өзінің өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.
- Сатып алуға қатысуға өтінішті ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін электрондық сатып алуға қатысуға өтінімді қайтарып алуға жол берілмейді.

## 10. Тендерлік өтінімдерді ашу

10.1. Электрондық сатып алуға қатысуға өтініштер жүйеде ұсынылған өтінімдердің мазмұнын жариялау арқылы хабарландыруда көрсетілген күні және уақытта автоматты түрде ашылады.

Ашылған өтінімдерді (жүйеде қалыптастырылатын баға ұсыныстарын қоспағанда) қараша үшін қолжетімділік тендерлік комиссияның курамына енгізілген пайдаланушыларға, тендерлік комиссияның хатшысына, сатып алу мәселелері жөніндегі үекілдегі органға, байқаушыларға және Тапсырыс беруші тікелей немесе жанама түрде тиесілі портфельдік компанияларға беріледі.

Аталған электрондық сатып алуға қатыскан элеуettі жеткізуішілерге көрсетілген қолжетімділік рұқсат беру хаттамасы (кемітүге арналған сауда-саттықты қолдана отырып ашық тендер өткізу кезінде) немесе қорытындылар хаттамасы (ашық тендер өткізу кезінде) жарияланғаннан кейін беріледі.

10.2. Электрондық сатып алуға қатысуға өтініш, сонымен қатар, электрондық тендерге (лотқа) электрондық сатып алуға (лотқа) қатысуға 1 (бір) өтініш тапсырылған жағдайда да ашылады және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі қаралады.

10.3. Элеуettі жеткізуішілердің электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерін ашу хаттамасы жүйеде автоматты түрде ресямделеді.

10.4 Егер ашу күні мен уақытына дейін тендерге қатысуға бірде-бір өтінім түспесе, ашық тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылады және жүйе сатып алу қорытындыларының хаттамасын қалыптастырады.


## 11. Тендерге қатысуға өтінімдерді қараша, бағалау және салыстыру тәртібі

11.1. Электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді тендерлік комиссия өтінімдердің осы тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігі түрғысынан қарайды.

11.2 Тендерлік комиссия электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тендерлік өтінімдерді алдын ала қарауды жүзеге асырады. Құрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызыметтерді сатып алуды жүргізу кезінде өтінімдерді тендерлік комиссия сарапшыны (сараптама комиссиясын) тарта отырып, тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Элеуettі өнім берушінің оны өндіру кезінде баламалы техникалық сипаттамаларды және (немесе) технологиялық шешімдерді ұсынуына байланысты лоттардың бір бөлігі немесе бір лот өнімді сынауга байланысты қосымша қарауды талап ететін тауарларды сатып алу жүргізілген жағдайда, осы лот (лоттар) бойынша өтінімдерді қараша мерзімі сынектар нәтижелерін алғанға дейін қосымша ұзартылады, бірақ одан артық болмауы тиіс 20 (жиырма) жұмыс күніне қарағанда.

11.3. Тендерлік комиссия Өтінімдерді қараша кезінде өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.





Сұрату жағерілген жағдайда өтінімдерді карау мерзімі ақпарат алу мерзіміне мөлшерлес, бірақ 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге дейін қосымша ұзартылады.

11.4. Тендерлік комиссияда электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдердің мазмұнына ескертулер болмаған жағдайда кемітүге арналған сауда-саттыққа рұқсат беру хаттамасы қалыптастырылады.

11.5. Тендерлік комиссияда электрондық сатып алуға қатысуға арналған өтінімдердің мазмұнына ескертулер болған жағдайда, тендерлік өтінімдерді алдын ала қарау рәсімінің қорытындылары бойынша анықталған сәйкесіздіктердің толық тізбесі көрсетіле отырып, алдын ала қарау хаттамасы қалыптастырылады.

Алдын ала қарау хаттамасына тендерлік комиссияның мүшелері және оның хатшысы қол қояды.

Алдын ала қарау хаттамасы тендерлік комиссияның мүшелері мен хатшысына, сатып алуды бакылау бойынша орталықтандырылған қызметке, Тапсырыс беруші тиесілі тікелей немесе жанама түрде жататын Байқауышыларға және ПК-ге қарау үшін қолжетімді болады. Бұл ретте осы сатып алуға қатысқан әлеуетті өнім берушілерге алдын ала қарау хаттамасына қолжетімділік қорытындылар хаттамасы жарияланғаннан кейін беріледі.

Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген не оны тендерлік құжаттамада айқындалған талаптарды бұза отырып енгізген әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдеріне енгізілген құжаттар мен мәліметтер қарауға жатпайды.

Өтінімдерінде сәйкесіздіктер анықталған әлеуетті өнім берушілер алдын ала қарау хаттамасына қол қойылғаннан кейін сатып алу веб-порталы арқылы өздерінің тендерлік өтінімдерінде анықталған сәйкесіздіктер туралы хабарламаны автоматты түрде алады.

Өтінімдерінде сәйкесіздіктер анықталған әлеуетті өнім берушілер анықталған сәйкесіздіктер туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде анықталған сәйкесіздіктерді жою мақсатында тендерлік өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістер беруге құқылы. Бұл ретте, тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсыну бойынша талап болған жағдайда, электрондық сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген немесе оны тендерлік құжаттамада айқындалған талаптарды бұза отырып енгізген әлеуетті өнім берушілердің электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді ұсынуға жол берілмейді.

Тендерлік өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістер ұсынған кезде әлеуетті өнім беруші анықталған сәйкесіздіктерді жою мақсатында жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлердің (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылардың) тізбесін, қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындауга) берілетін жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі мен түрлерін көрсете отырып, тендерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға құқылы.

11.6. Тендерге қатысуға өтінішке толықтыруларды және/немесе өзгерістерді алдын ала қарау және беру рәсімінің қорытындылары бойынша тендерлік өтінімдерді қайта қарау өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістерді қабылдау үшін көзделген мерзім өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

11.7. Тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушінің өтінімін мынадай жағдайларда қабылдамайды:

- 1) Осы Тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін электрондық сатып алуға қатысуға арналған тендерлік өтінімді тану;
- 2) егер әлеуетті өнім беруші осы тендерге (лотка)қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы болып табылса;
- 3) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;
- 4) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын тендерлік комиссия демпингтік деп танығанда; Ұзак мерзімді сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бар құрылыш-монтаж жұмыстарын сатып алуды жүзеге асыруды қоспағанда, демпинг әрбір жыл бойынша жеке есептелінеді.

5) тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда.

6) әлеуетті өнім берушінің мемлекетті органының, заңды не өзге де мүдделі тұлғаның уәкілдік өкілі қол қойған дәйексіз ақпарат ұсынғанын растайтын құжатқа сәйкес әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімінде дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталған немесе жеке тұлға қол қойған.

7) Егер әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысы және/немесе тендерлік өтінімге қол қойған әлеуетті өнім берушінің уәкілдік тұлғасы/әлеуетті өнім беруші-кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе оның жақын туысы, жұбайы(зайыбы) немесе жекжаты Тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысы/тендерлік комиссияның мүшесі/сатып алу бастамашысы-құрылымдық бөлімшениң басшысы болып табылса.

Әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдерін қабылдамау үшін көрсетілген негіздер түпкілікті болып табылады.

## 12. Кемітүге сауда-саттық өткізу





12.1. Кемітүге арналған сауда-саттыққа кемітүге арналған сауда-саттықты қолдана отырып ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдері қабылданбаган әлеуетті жеткізушілер жіберіледі.

12.2. Әлеуетті жеткізушілерді төмendetу сауда-саттығына жіберу жүйеде рұқсат беру хаттамасы түрінде ресімделеді.

12.3 Кемітүге арналған сауда-саттыққа рұқсат беру рәсімінің қорытындылары туралы хаттамаға тендерлік комиссия мүшелерінің және оның хатшысының ЭЦҚ қойылады және жүйеде автоматты түрде жарияланады.

12.4. Рұқсат беру хаттамасы жарияланғаннан кейін жүйе автоматты режимде келесі жағдайларды қоспағанда, кемітүге арналған сауда-саттықты өткізуудің негізгі уақытын, басталу және аяқталу күнін көрсете отырып, кемітүге арналған сауда-саттықты еткізу туралы акпаратты дереке қалыптастырады және жариялады:

1) кемітүге арналған сауда-саттықты қолдана отырып, ашық тендерге қатысуға екеуден аз өтінім ұсынылған жағдайларда жүргізіледі.

2) қабылданбаганнан кейін кемітүге арналған сауда-саттықты қолдана отырып, ашық тендерге қатысуға екеуден аз өтінім қалды.

12.5. Кемітүге арналған сауда-саттықты өткізу күні кемітүге арналған сауда-саттықты өткізу туралы акпарат жарияланған күннен бастап келесі жұмыс күні айқындалады.

12.6. Кемітүге арналған сауда-саттықтың негізгі уақытының басталуы мен аяқталуы келесі шарттарға сәйкес Астана уақыты бойынша сағат 10:00 бастап 18:00 дейінгі кезеңде жүйеде автоматты түрде анықталады:

1) Егер тендерлік құжаттамада 1 бастап 50 дейін лот (қоса алғанда) болса, онда сауда-саттықтың негізгі уақыты үзіліссіз 1 (бір) сағатты құрайды;

2) Егер тендерлік құжаттамада 51 бастап 100 дейін лот (қоса алғанда) болса, онда сауда-саттықтың негізгі уақыты үзіліссіз 2 (екі) сағатты құрайды.

12.7. Төмendetуге арналған сауда-саттықтың бастапқы бағасы төмendetуге арналған сауда-саттыққа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдерінің ең төмен бағасы болып табылады.

12.8. Әлеуетті өнім берушілер ұсынылатын ұсыныстар санын шектемей, бастапқы сауда-саттық бағасынан сатып алу веб-порталы белгілейтін төмendetуге қадамы шегінде бағаны төмendetуге ұсыныстар береді.

12.9. Әлеуетті жеткізушінің бағаны кемітүге арналған әрбір ұсынысна әлеуетті жеткізуши пайдалануышының ЭЦҚ қойылуы керек. Әлеуетті жеткізушінің бағаны кемітүге ұсыныс кемітүге арналған қадам шегінде кемітүге арналған сауда-саттықтың ағымдағы ең төменгі бағасынан темен болуға тиіс және кері қайтарылып алынбайды немесе ұлаға жағына қарай өзгерітілмейді.

Егер әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы кемітүге арналған сауда-саттықтың ағымдағы ең төменгі бағасы болып табылса, оның бағаны кемітүге арналған ұсынысты беруге құқығы жоқ.

12.10. Бағаны кемітүге ұсынысты қабылдауды раставу ретінде әлеуетті жеткізуши үшін жүйеде тиісті акпарат автоматты түрде көрсетіледі.

12.11. Кемітүге арналған сауда-саттық барысында жүйеде ең төмен бағаны ұсынған әлеуетті жеткізуши туралы мәліметтерді көрсетпей, кемітүге арналған ағымдағы ең төмен баға туралығана акпарат көрсетіледі.

12.12. Егер әлеуетті жеткізуши сауда-саттықтың негізгі уақытының соңғы он бес минуты ішінде бағаны кемітүге ұсыныс берсе, онда кемітүге арналған сауда-саттықтың жалпы уақыты автоматты түрде он бес минутка ұзартылады. Бұл жағдайда әлеуетті жеткізуши ұзартылған уақытта ұсынған бағаны кемітүге арналған әрбір ұсыныс кемітүге арналған сауда-саттықтың жалпы уақытын он бес минутка автоматты түрде ұзартады.

Егер сауда-саттықтың негізгі уақыты немесе сауда-саттықтың уақытын соңғы ұзарту ішінде бағаны кемітүге бірде-бір ұсыныс түспесе, кемітүге арналған сауда-саттық аяқталады.

Астана уақытымен сағат 19:00-ге дейін аяқталмаған кемітүге арналған сауда-саттық тоқтатыла түрады және келесі жұмыс күні Астана уақытымен сағат 10:00-ден бастап қайта басталады. Бұл жағдайда кемітүге арналған сауда-саттыққа қатысушыларға тиісті хабарлама жіберіледі.


### 13. Қорытынды шығару

13.1 Кемітүге арналған сауда-саттықтың аяқталу уақыты аяқталғаннан кейін жүйеде электрондық сатып алу қорытындыларының хаттамасы автоматты түрде қалыптастырылады.

13.2 қорытындылар хаттамасына тендерлік комиссия құрамына енгізілген пайдаланушылардың, сондай-ақ тендерлік комиссия хатшысының ЭЦҚ-сы қойылады және жүйеде автоматты түрде жарияланады.

13.3 Егер сауда-саттық барысында бағаны төмendetуге бірде-бір ұсыныс түспеген жағдайда, төмendetуге арналған сауда-саттыққа қатысуға жіberілген әлеуетті өнім берушілердің ішінен ең төмен бағаны ұсынған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

13.4 Тендер жеңімпазын, сондай-ақ бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің айқындау тәртіпке сәйкес айқындалады.





